010000, Астана қ., Д. Қонаев к., 39

Қ.Р. Жоғарғы сотының төрағасы
Асанов Жақып Қажыманұлына.

Атырау облыстық сотының торағасы
Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа.

Махамбет аудандық сотының төрағасы
Қадырғалиев Базарғали Мамышевичке

Үркімбаева Бағлан Бодаубекқызынан
тұрағы:Атырау облысы,
жұмыс орны: Жалғансай ветеринариялық
бөлімшесінің меңгерушісі, Махамбет ауданы,
Жалғансай селосы

Султанова Бибигуль Куанышевнадан
тұрағы:Атырау облысы,
Махамбет ауданы, Сарайшық селосы
Нысанбаев көшесі

20 12 18
6404 2
10К

## Алғыс хат.

27 қараша 2018 жылы (№2356-18-00-563) Атырау облысының Махамбет аудандық сотының судьясы Ерғазиева Алмагул Утешовна біздер жұмыс жасап жатырған кәсіпорын басшысы лауазымды тұлғаға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің 668-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзышылық жасағаны бойынша кінәлі деп танылып, осы бап бойынша оған әкімшілік айыппұл салу түрінде қаулы жарияланып, әкімшілік жаза қолданылды.

Сот мәжілісі үстінде кәсіпорын басшысы өзінің кінәсін толық мойындамағанымен судья ханым қаулы жарияланғаннан кейін басшыға адвокаттың заңды қызметіне кедергі келтірудің мәнін біздің облысымыздағы қолданылып жүрген қазақи жатық шешендік тілмен ауызша қолданыстағы заңдардың орындалу тетігін түсіндіріп берген кезде мекеме башысы өз райынан қайтып, заң үстемдігін мойындады.

Нәтижесінде біздердің кеткен конституциялық құқымыз қалпына келтірілді.

Олай болса, Біз Жоғарғы соттың төрағасы Сізді қолжетімді ақпарат құралдары арқылы сот қаулысы мен шешімінің қандай заңға негізделіп шығарылғаны жөнінде түсіндіру институтын жетілдіру мәселесін қарқынды дамыту жөніндегі судьялар қауымдастығына

қойған қазіргі құқықтық мемлекетімізге тән жағымды да жүрекке жылы тиетін тыңдаушыны тез арада өзіне үйіріп әкететін ежелгі қазақтың билері іспеттес саңқылдаған жағымды дауысыңызды мұқияттап мән беріп тыңдағаннан соң облысымыздағы ардагерлер, заңгерлер мен адвокаттарынан осы жөнінде сұраған кезде олар: «Ж.К. Асанов бұрын соңды еліміздің сот жүйесінде кең қолданылып көрмеген мәселелерді судьялар қауымдастығы алдында үлкен мәселе қылып қойып отыр. Міне осының өзінен - ақ біздің құқықтық мелекектіміздің біздердің конституциялық құықтарымызды қорғауға қауқарлы екені көрініп отыр»- деп қауаттап отыр.

Олай болса, біздер жанұяларымыздың, ұл-қызымыздың атынан Қ.Р. Жоғарғы сотының төрағасы Асанов Жақып Қажыманұлына Қазақстандағы соттар қауымдастығын қарқынды да айбарлы басқаруына қосып отырған үлесі үшін алғысымызды айтып, оның жанұясына, от басы, ошақ қасына бақытты өмір, талмас қайсарлық тілейміз.

Сонымен қатар, Атырау облыстық сотының төрағасы Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа Атырау облыстық сотының ұжымын қазіргі құқтық мемлекетіміздің талаптарына сай Атрырау облысының тұрғындарының Конституциялық құқтарын қалпына келтіудегі жасап жатырған еңбегі үшін үлкен алғысымызды айтып, жанұясының амандығын тілеймін.

Атырау облысы Махамбет аудандық сотының **төрағасы** Қадырғалиев Базарғали Мамышевич пен судья Ерғазиева Алмагул Утешовнаға Махамбет аудандық тұрғындары атынан, жанұямыздың атынан рахметімізді айтып, қазіргі құқтық мемлекетімізге сай адал да таза еңбектеріне табыс тілеп, жанұяларының амандығын тілейміз.

Алғыс хат иелері: 11.12.18 Үркімбаева Бағлан Бодаубекқызы

Султанова Бибигуль Куанышевна